

№11 «Аружан» бөбекжай-балабақшасы

Ұйымдастырылған оқу қызметтің вариативтік жоспары

№6 «Қарлығаш» ересектер тобы

Тәрбиешілер: Келгенбаева З. Т.
Бабажанова А. Б.

Шымкент 2020ж.



«Ертегіде қонақта» вариативтік бөлімі

Мақсаты:

Балалардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық, көрермендік талғамды калыптастыру; ауызша сөйлеу мәдениетін калыптастыру.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	«Ғажайып ұя» ертегісі	1	4.09.19
2	«Адам жермен не үшін дауласты?» құба ертегісі	1	2.10.19
3	«Бақбақ гүлі» фин ертегісі	1	23.10.19
4	«Қияр мен қырыққабат» ертегісі	1	06.11.19
5	«Шалқан» орыс халық ертегісі	1	4.12.19
6	«Түлкінің балтасы» нганасан ертегісі	1	3.01.20
7	«Раушан» шығыс ертегісі	1	07.02.20
8	«Су перісі» югослав ертегісі	1	21.02.20
9	«Үйшік» орыс халық ертегісі	1	06.03.20
10	«Аңқау аю» орыс ертегісі	1	03.04.20
11	«Бауырсақ» орыс ертегісі (жандандыру)	1	17.04.20
12	«Ұсқынсыз үйрек» ертегісі	1	01.05.20
13	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	1	29.05.20
14	«Көкжүтан мен тасбақа» ертегісі	1	05.06.20
15	«Алтын балық» ертегісі	1	19.06.20
16	«Әтеш пен тоты» ертегісі	1	03.07.20
17	«Қаз бен түлкі» ертегісі	1	07.08.20
18	«Ақымақ қасқыр» ертегісі	1	21.08.20
Барлығы		18 сағат	

Әдіскер:  Л. Р. Жалымбетова

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Ғажайып ұя» ертегісі	Өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету және балабақшамен таныстыру. Балабақша қызметкерлерімен, бөлмелерімен, жиһаздарымен және ондағы заттармен таныстыру; «үлкен», «кіші», «кең», «тар» деген ұғымдар беру. Өз ойларынша сурет сала білуді дамыту.	«Ғажайып жұлдызша» жылулық шеңбері Балалар ғажайып жұлдызшаны бір-біріне ұсына отырып, «Сәлеметсің бе, жұлдызша Ажар!» деп амандасады. Педагог балалармен ғажайып жұлдызша туралы, әр бала - әр үйдің жарқыраған жұлдызы, қуанышы екенін айтып, әңгімелеседі. Үлкен жұлдызшаны топтың көрнекті жеріне іліп қояды. Сикырлы айналу. Шығармашылық миниатюра. Дыбыстар әлеміне саяхат Педагог адамдарды қоршаған ортада көптеген әр түрлі дыбыстар бар екенін айтады: адамдардың, жануарлардың дауысы, музыка аспаптарының үні, табиғаттың шуылы, т.с.с. Балалар көздерін жұмып, ұнтаспада жазылған түрлі дыбыстарды тындап, алған әсерлерімен бөліседі. Хрестоматия және ондағы кейіпкер «Қарлығаш» атты құспен таныстыру «Ғажайып ұя» ертегісі. Оқу. Талдау «Жоғары, төмен, он, сол» сергіту сәті «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері Балдырған баламыз, қашан да, қайда да Сенімді боламыз, себебі, біз - достармыз.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Адам жермен не үшін дауласты?» куба ертегісі	Табиғат, оның байлығы жайлы түсініктерін кеңейту. Табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білім беру. Қалдық заттармен жұмыс істеуге үйрету. «Танграмм» ойыны арқылы логикалық ойлауын, қиялын дамыту.	Жылулық шеңбері. «Әсерлерімізбен бөлісейік» шығармашылық миниатюрасы Педагог балаларға 1-2 минут көздерін жұмып, өздерін тағы да табиғат аясында, көк майса шалғында жатып, көк аспан, аппақ бұлттарды көріп, құстардың сайраған әнін, судың сыбырын естіген кездерін елестетуді ұсынады. Әңгімелесу Балалар табиғатқа саяхаттан алған әсерлерімен бөлісіп, Қарлығаштың хатын және оның аспанды тамашалау туралы ұсынысын еске түсіріп әңгімелеседі. «Адам жермен не үшін дауласты?» куба ертегісі. Оқу. Талдау Жандандыру. «Адам жермен не үшін дауласты?» куба ертегісі Педагог дайын жұмысты декорация ретінде пайдаланып, Якара туралы ертегіні кейіптендіруді ұсынады. «Танграмм» ойыны Педагог ғажайып қорапшадан жана ойын - «Танграммды» алып шығып, балаларды ойынға қажет материалдың элементтерімен таныстырады. Қандай геометриялық пішіндер бар екенін көрсетеді, бұл пішіндерден қандай жануарлардың бейнесін құрастыруға болатынын сұрайды. Балаларға фантастикалық орманда өмір сүретін таңғажайып жануар бейнесін құрастыруды ұсынады, қандай геометриялық пішіндерді пайдаланғанын сұрайды. «Жапырақ жинау» қимылды ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Бақбақ гүлі» фин ертегісі	«Бақбақ» гүлі және оның пайдасы жайлы мағлұматтар беру. Гүлдердің адам денсаулығына әсері туралы мәлімет беру. Жолда жүру ережесімен таныстыру. Гүлдер мен өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	Жылулық шеңбері Педагог балаларға көздерін жұмып, гүлдердің патшасы - раушан гүлге айналуын ұсынады. Раушан гүлінің әдемілігін ерекше екенін естеріне түсіріп, көздерін ашып бір-біріне жымия күліп: «Мен - раушан гүлімін, әдемімін, сұлумын...», т.с.с. Жұмбақ Өзіне шап-шаң, киген қалпағы аппақ, балалар тұр қаптап. Бір өсімдік бар: бір көргенде сап-сары, Бір көргенде аппақ, үрлесен ұшып кетеді. Бұл не? (Бақбақ) «Бақбақ» фин ертегісі. Оқу. Талдау. Сергіту сәті. М.Әлімбаев. «Бақбақ» өлені. Аппақ, аппақ бақбақтар, Тура киіз ақ үйлер. Төнеді кеп жан-жақтан, Тамашалап сәбилер. Әңгімелесу Жанылтанаш Бақбақ бақта бар, бақа да бақта бар. Ә.Табылдиев. «Бағдаршам» өлені. Оқу. Жол жүру ережесі. Әліппе-дәптермен жұмыс

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Қияр мен қырыққабат» ертегісі	Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айта білуге, әңгімелеуге үйрету. Адам үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы мәлімет беру. Бірін тыңдап, өзара бірлестікке, серіктестікке үйрету.	Жылулық шеңбері Педагог күз мезгілінің әр күні жылы, шырайлы болу үшін балаларға бір-біріне шырайлы күлкілерін сыйлауды ұсынады. Жұмбақ Отыз көйлек киінген, бір түйме жоқ ілінген. (Қырыққабат) «Қияр мен қырыққабат» ертегісі. Оқу. «Дәміне қарай ажырат» д/ойыны «Жемістер мен көкөністер дүкені» желілі-рөлді ойыны Балалар алдын ала дайындап қойған көкөністер мен жемістерді «дүкенге» барып, «ақшаға» «сатып» алады. «Үйге» келіп, сусын мен салатты жасауға кіріседі. Әліппе-дөптермен жұмыс «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. Н.Жанаевтың «Жемістер жырын» оқу.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>«Шалқан» орыс халық ертегісі</i>	Өзі, жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Үйдегі қауіпсіздік ережелерінің негіздерімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін, ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Үстел үсті және саусак театрына қатыстыру арқылы артистік қабілеттерін дамыту.	«Еркелету» жылулық шеңбері Педагог балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызады. Балалар отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріп, бір-біріне жылы сөздер сыйлайды. «Не қымбат?» Қазыбек бидің сөзі. Оқу. Талдау. Әңгімелесу «Әр адамның өз отбасы болады. Отбасы бірнеше адіамнан тұрады: ата, апа, әке, шеше, аға, іні, қарындас, әпке, т.б. Олар кез келген істі бірігіп атқарады, бір-біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға камкор болуға үйренеміз». «Шалқан» орыс ертегісі. Оқу. Талдау. Жандандыру. - Ата неліктен шалқанды жұла алмады? Атаның қанша көмекшісі болды? «Бірлесіп орындаған жұмыс тез бітеді, тіпті ең кішкентай адамның да көмегі маңызды, шешуші болуы мүмкін. Ата-ана үшін баланың көмегі өте қажет». Педагог балаларға бетпердесін киіп ертегіні кейіптендіруді ұсынады. Сергіту сәті Ата шалқан егіпті Шалқан үп-үлкен болып өсіпті Ары-бері тартып еді, тартылмады Алақай! Тартып, жұлып алдық! «Кім жоқ?» д/ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Түлкінің балтасы» нганасан ертегісі	Түлкінің, тиіннің тіршілігімен таныстыру. Қазақстанның түрлі табиғат аймақтары мен мекендейтін жануарлармен таныстыру. Қызыл кітаптың рөлі мен маңызы туралы түсінік беру. Шығармашылық кабинеттерін дамыту.	«Біз андарды жақсы көреміз» жылудық шеңбері Балалар «Біз андарды жақсы көреміз» деп хормен және өз қалаулары бойынша жануарлардың ерекшеліктерін айтады. Қоян қорқақ - ол сәбізді жақсы көреді, түлкі қу - терісі әдемі. Тиін жаңақты шағып жейді, қасқыр батыр - табиғат санитары. Аю аңқау - балды жақсы көреді... Жұмбақ Қуы екен андардың, бір сәтте алдандым. (Түлкі) «Түлкінің балтасы» нганасан ертегісі. Оқу. Талдау «Түлкінің тіршілігімен таныстыру» тақырыбына әңгімелесу «Түлкі қасқырға ұқсайды, бірақ денесі қасқырдан кішілеу және құйрығы ұзын үлгілдек, ұшы ақ, аяқтары қысқалау болып келген. Сондықтан қыста қар қалың болғанда, омыбылап тез шаршап қалады. Жұмбақ Ағаш басы мекені, бірақ, құс дей алмайсын. Құстарға ұқсас екенін, мінезінен аңдайсын. (Тиін) М.Хакімжанованың «Тиін» өлеңі. Оқу. Әліппе-дәптермен жұмыс «Біз не білдік?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>«Раушан» шығыс ертегісі</i>	Тыңдаған шығарма мазмұнын айтып беруге үйрету. Раушан гүлімен және оның қасиеттерімен таныстыру. Бейнелі ойлауын, зейінін, қиялын дамыту.	«Тілек шоғы» жылулық шеңбері Педагог ғажайып гүлдер қалашығына саяхат жасайтынын хабарлап, балаларға әдемі раушан гүлдерін үлестіріп береді. Балалар гүлдің жұпар иісі, түсі, құрылысы (сабағы, күлгешелері) туралы әңгімелейді. Педагог қолындағы гүлді жанында тұрған балаға есімін атап, жылы сөз айтып ұсынады. Бала педагогтың ұсынған гүлін өзінің гүлімен бірге тілек айта отырып, келесі балаға береді. Балалар кезекпен гүлді жылы сөз айтып, бір-біріне береді. Гүлдер көбейіп, «тілек шоғы» болып, педагогтың өзіне оралады. Жұмбақ Адамдардың бәрі қызығады, ұстай берсең сәні бұзылады. (Гүл) «Раушан» шығыс ертегісі. Оқу. Талдау. Сикырлы айналу «Мен раушан гүлімін» Балалар гүлдерге айналып, «Раушан гүл бийі» әдемі әуенге сүйене орындайды немесе ұнтаспадан құстардың дауыстары жазылған әуен қолданылады. Би соңында балалар өздерін қалай сезінгені туралы ойларымен бөліседі. Сергіту сәті Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұксап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. «Біз не білдік?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
	«Су перісі» югослав ертегісі	Салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Адамның дене мүшелері туралы білім беру. Күн тәртібінің маңызын түсіндіру.	Жылулық шеңбері. Саусак жаттығуына М.Куанышбековтың «Он саусак» санамағы. Ал санайық, санамақ, саусақтарға қарап-ақ. Қане-кане, санайық, санын біліп алайық. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу - қолымда саусағым нешеу? (Саусақтарды кезек-кезек бүгу) «Су перісі» югослав ертегісі. Оқу. Талдау Сергіту сәті Апам үшін күнде мен, Отынға ағаш жарамын. Су құямын гүлге де, Дүкенге де барамын. Сыпырамын үй ішін Жуам аяқ-табақты Жылай қалса, бөпемді Жұбатамын ойнатып. Л.Толстойдың «Немере» әңгімесі. Оқу. Әліппе-дәптермен жұмыс Сергіту сәті Ұнтаспадан көңілді әуен ойнайды. Балалар барлық дене мүшелерін қозғалта отырып, еркін билейді. «Біз не білдік?» «Отбасына тілек» жылулық шеңбері «Сықыршы бір тілегінді орындайтын болса, сен отбасына не тілер едің?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>«Үйшік» орыс халық ертегісі</i>	Геометриялық пішіндер (тік төртбұрыш, шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша) туралы білім беру; ұзын, қысқа, бірдей деген ұғымдармен таныстыру. Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	Жылулық шеңбері Балалар бір-бірімен амандасып, «Менің ата-анам (есімдерін айтып) бәріне сәлем жолдайды» - деп, өзара қуаныш сыйлайды. Педагог әңгімені қорытындылайды: «Міне, балалар біздің тобымыз үлкен жанұяға ұқсады, өйткені біз бір-біріміз арқылы ата-аналарымызбен де танысып жатырмыз». Әңгімелесу Педагог балалардың назарын Қарлығаш тұмсығындағы хатқа аударады. «Үйшік» ертегісі. Оқу. Талдау. Шығармашылық сахналау Балалар ертегі мазмұнына қалаулары бойынша өзгерістер, қосымша кейіпкерлерді енгізіп, іс-әрекет: қимыл-қозғалыс, дауысын келтіру арқылы бейнелейді. Әдептілік ережелері М.Әлімбаевтың «Он саусак» өлеңі. Оқу. Жалғыз саусак тіпті де, Ұстай алмас жіпті де, Екі саусак бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды... Өнерлі екен он саусак! Қала салсақ, жол салсақ. Әліппе-дәптермен жұмыс Жандандыру. «Ғажайып ұя» ертегісі

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>«Аңқау аю» орыс ертегісі</i>	Аюдың тіршілік ортасы және қоректенуімен таныстыру. Сурет мазмұны бойынша әңгіме құруға үйрету. «жандандыру» арқылы қиялдарын, сөйлеу белсенділігін арттыру.	Кері байланыс. Жылулық шеңбері Педагог балалардың қолындағы әдемі жұмсақ ойыншықтар арқылы бір-біріне жылы сөз айтуын ұсынады: «Мен саған тиіннің аккөңілділігін тілеймін. Мен саған түлкінің әдемілігін тілеймін. Мен саған қоянның жүйріктігін тілеймін. Мен саған қасқырдың батылдығын тілеймін, т.б.». Жұмбақ Қыс бойына жатады, тәтті ұйқыға батады. (Аю) «Аңқау аю» ертегісі. Оқу. Талдау. Жандандыру Сергіту сәті Ормандағы аю, конжық, ұялардан бал іздеді. Мойындарын оңға бұрды, мойындарын солға бұрды. Орман ішін аралады, ағаштарды шайқап көрді. Оңға бір, солға бір, ағаштарды байқап көрді. Аяқтарын көтеріп ап, қуанғаннан билей берді. Оңға бір, солға бір, қуанғаннан билей берді. «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері Балалар шеңбер құрып тұрып, өздері жабайы аңдардың рөліне еніп, адамдарға тілек білдіреді: «Мен (аю, бұғы, барыс) адамдарға тілек айтқым келеді...»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>«Бауырсақ» орыс ертегісі (жандандыру)</i>	Нан өнімдерімен таныстыру. Дәнді дақылдар туралы білімдерін кеңейту. Желі-лі-рөлді ойынға және кейіптендіруге арналған атрибуттарды дайындау іскерліктерін қалыптастыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Кері байланыс. Жылулық шеңбері. Педагог алдын ала дайындаған дақылдарды көрсетіп әңгімелеседі. Балалар біліп келген мәліметтермен бөліседі, педагог жауаптарын қорытындылайды. Ө.Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ» өлеңі. Оқу. Жандандыру. «Бауырсақ» ертегісі. «Не жасырылғанын тап?» д/ойыны Тақтаға ұннан жасалған тағамдар: торт, бөлке, батон, печенье, бауырсақ, тонаш, т.с.с. суреттер қойылады. Педагогтың белгісінен кейін балалар көздерін жұмады. Педагог бір суретті алып тастайды, балалар қандай суреттің алынғанын табады. Күрделендіру: бір сурет алынады, қалғандарының орындарын ауыстырады. Сергіту сәті Жайқалады ақ бидай, Басын иіп аққудай. Трактор мен комбайн, Жүргізуге мен дайын. «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. Ө.Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ» өлеңін қайталау.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Ұсқынсыз үйрек» ертегісі	Үй құстары туралы түсінік беруді жалғастыру. Суретке қарап әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздік қорларын молайту. Ұжымда жұмыс жасау іскерліктерін дамыту.	Жылулық шеңбері Балалар үй құстарының суреттеріне қарап, ерекшеліктерін сипаттап және оларға деген жылы тілектерін білдіреді. «Құстар тобы» ойыны Балалар өз қалаулары бойынша үй құстарының бетпердесін киіп, құстарға тән қимылдар көрсетеді. Үй құстары болып, «көгалға жайылымға» шығып, 2-3-6-ға дейін топтасып ойнайды. «Ұшты-ұшты» ойыны Қателескен бала өлең айтады немесе ән салады. Жанылыспаған ойыншы жеңеді. Әр топ өздері жапсырған үй құстары туралы өткен сабақтағы жұмбақтарды, өлең-тапқақтарды, жаңылтпаштарды айтады. Өздері жапсырған үй құстарын сипаттайды. Жұмбақтар Ақ сарайын талқандап, шықты біреу талғандап. (Балапан) Алшақ-алшақ басады, бірін-бірі көрсе қанқылдасады. (Қаз) «Қаз бен түлкі» ертегісі. Оқу. Талдау Әліппе-дәптермен жұмыс Жандандыру. «Ұсқынсыз үйрек» ертегісі «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. С.Бегалиннің «Қазым, қазым, қанқылда» өлеңі. Оқу.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	Дала құстары туралы түсінік беру. Жылы жакқа ұшып кететін құстар жөнінде білім беру. Көркем шығарманы тыңдай білу қабілетін дамыту. Трафаретпен жұмыс істеу іскерлігін арттыру.	Жылулық шеңбері Педагог балаларды құстың ойыншық бейнесін немесе оның суретін көрсетіп, мейіріммен өлеңді оқиды: <i>Терезеге қонған құс, асықпашы, ұшпашы, Отыра тұршы аз ғана-ай! Ұшып кетті-ау, ай-ай!</i> Әңгімелесу Педагог балалармен құстар, олардың тіршілігі туралы әңгімелеседі. «Құс болғым келеді» сергіту сәті Қане, қанат жазайық, қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық. Сауысқан болып секіріп, тоқылдақ боп шоқиық. «Қарлығаш пен дәуіт». Оқу. Талдау «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері Құстар біздің досымыз, бау-бақшаны қорғайды. Ұя жасап қарсы алсақ, құстар бізді қолдайды.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Көкқұтан мен тасбақа» ертегісі	«Қызыл кітапқа» енген жануарлармен таныстыруды жалғастыру. «Қызыл кітап» туралы түсініктерін бекіту. Әр түрлі хабарды жинау және талдау іскерлігін дамыту.	Кері байланыс. Жылулық шеңбері Балалар шеңберге тұрып, бір-бірімен аңдар атынан амандасады: «Сәлем, қоян! Сәлеметсің бе, Аю!». Балалар үйде ата-аналарымен бірге жазып келген тыйым сөздерді айтады. «Көкқұтан мен тасбақа» ертегісі. Оқу. Талдау. «Аңшы» ойыны. Әліппе-дәптермен жұмыс. «Біз не білдік?» Сикырлы айналу. Жылулық шеңбері Балалар өздерін қорықта сирек кездесетін гүлдер, өсімдіктер, құстар, аңдар ретінде сезініп, сөйлей алатын болса, айналасындағы адамдарға не айтатындарын талқылайды.
	«Алтын балық» ертегісі	Су жануарлар туралы білім беру. Су жануары - кит туралы мағлұмат беру. Мүсіндеудің әр түрлі әдіс тәсілдеріне машықтандыру.	Кері байланыс. Жылулық шеңбері Педагог балалармен бірге үйден әкелген суреттерге сүйене отырып, су астында тіршілік ететін жануарлар туралы әңгімелеседі. «Алтын балық» ертегісі. Оқу. Талдау. Жандандыру «Аквариумдағы балықтар» сергіту сәті Әліппе-дәптермен жұмыс «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. С.Оспановтың «Алабұға» немесе «Шортан өлеңі»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Әтеш пен тоты» ертегісі	Үй құстары туралы түсінік беру. Үй құстарының тіршілігі және олардың пайдасы туралы мағлұмат беру. Өңгімені тыңдап, түсінгенін қайта айта білу қабілеттерін дамыту.	Жылулық шеңбері. М.Әлімбаевтың «Шөжелерім!» әнін тыңдау Балалар әуенге сай қимыл жасап, ән айта жүріп, билейді. «Не, қалай дауыстайды?» д/ойыны Торғай шырылдайды, қарға қарқылдайды, әтеш шакырады. Тауық қыт-қыттайды, қаз қанқылдайды, тырна тырулайды. Жұмбақ Басында айдары, иекте сакалы бар. (Әтеш) «Әтеш пен тоты» ертегісі. Оқу. Талдау «Етек-етек» ойыны Әуен ойнап, қарақұс бейнесіндегі бала топтың ішінде бір айналып ұшып кетіп қалады. Тауық: «Қыт-қыт, балапандар, қарақұс келіп қалды. Ал тез соңыма келіндер, етектен ұстандар». Кім айрылса етектен, шығып қалса жетектен. Соны ұстайды қарақұс, сол болады құсқа жем... Жанылтпаш «Әтеш әнге басады, әтеш ұйқы ашады». Әліппе-дәптермен жұмыс «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. А.Торғаевтың «Ақ тауық» өлені. Оқу.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	«Қаз бен түлкі» ертегісі	Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге үйрету. Дене құрылысымен таныстыру. Өз ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білу дағдыландыру.	Жылулық шеңбері. А.Торғаевтың «Ақ тауық» өлеңін қайталау «Балалар, үй құстары: қаз, тауық, әтеш, үйрек бір-бірімен қалай амандасатындарын білесіндер ме? Құстар сөйлей білмесе де өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір-бірімен амандасып, адамдар сияқты қарым-қатынаста болып, бірін-бірі жақсы түсінеді және сезеді. Мысалы: әтеш шақырады, тауық қыт-қыттайды, балапан шикылдайды, қаз қаңқылдап амандасады екен. Кері байланыс Балалар үй құстарының суретіне қарап, аттарын атап, үйде үлкендерден білгендерін ортаға салады. «Шөжелерім» саусақ ойыны Шеп-шеп, шеп-шеп, шөжелерім, сары алтындай балапаным. Тез жетіндер, жем беремін, дөнге толы алақаным. Жандандыру. «Әтеш пен Тоты» ертегісі Әліппе-дәптермен жұмыс Жаттамақ Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолың жу. Тазалықтың досы - су дегеніміз осы. Жұмбақ Еш тесікке тұрмайды, ол жоқта - жер құрғайды. (Су) Жаңылтпаш Сорпа іштік, сорпа ыстық, сондықтан, корка іштік.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>«Ақымақ қасқыр» ертегісі</i>	Жабайы аңдар туралы түсінік беруді жалғастыру. Қасқырдың тіршілік ортасымен таныстыру; жануарлар мен құстарды тіршілік ортасына қарай топтастыруға үйрету. Ертегіні әңгімелеп беру іскерлігін дамыту.	Сиқырлы айналу. «Мен ормандамын» жылулық шеңбері Ұнтаспадан жайлы әуен ойналып тұрады. Педагог балаларға ормандағы саяхатта кездескен қызықты, әсерлі жағдайларды түсіруге «ғажайып фотоаппарат» алууды ұсынады. Балалар көздерін жұмып, өздерін орманда жүргендей елестетеді. С.Погорелевскийдің «Бармысың, орман!» өлеңі. Оқу. Кері байланыс Балалар қасқыр туралы үйден алған мәліметтерін айтып, әңгімелеседі. «Ақымақ қасқыр» ертегісі. Оқу. Талдау «Қасқырдың тіршілігімен таныстыру» тақырыбы бойынша әңгімелесу «Қасқыр - күшті, батыр, жыртқыш аң, оның ақылы мен аяласы түлкіден де асып түседі. Үлгідеген құйрығы мен аяқтары ұзын. Қасқырдың терісі ашық сұр түстен кара түске дейін болады. Ол ірі овчарка итке ұқсайды. Қасқырдың баласы - бөлтірік деп аталады. Жұмбақ Қайсы әріп, қасарып, көнбейтін болуға бас әріп? (Н) Әліппе-дәптермен жұмыс Жаңылтпаш «Н»-ды айта алмай, «Н»-ға өшікті Тайқарбай. «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. «Сиқырлы айналу» «Мен ормандамын»

№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**№6 «Қарлығаш» ересектер тобының
2020-2021 оқу жылына арналған балабақша күн тәртібінде
ұйымдастырылған оқу қызметтің вариативтік жоспары**

(номерленген, бет саны 18 бауланған, мөрмен бекітілген)

МКҚК №11 «Аружан» б/б



басшысы А.Ш. Есбол